

Жекелеген санаттағы алушыларға атаулы құндерге және мерекелік құндерге әлеуметтік көмектің мөлшерлерін белгілеу туралы

Күшін жойған

Павлодар облысы Май аудандық мәслихатының 2014 жылғы 29 сәуірдегі № 9/34 шешімі. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 30 сәуірде № 3783 болып тіркелді. Күші жойылды – Павлодар облысы Май аудандық мәслихатының 2021 жылғы 10 наурыздағы № 2/2 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен

Ескерту. Күші жойылды – Павлодар облысы Май аудандық мәслихатының 10.03.2021 № 2/2 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабы 2-3-тармағына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 21 мамырдағы N 504 қаулысымен бекітілген Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың үлгілік қағидаларының 10-тармағына сәйкес, Май аудандық мәслихаты **ШЕШТІ**:

1. Алушылардың жекелеген санаттарына атаулы құндерге және мерекелік құндерге біржолғы әлеуметтік көмектің мөлшері белгіленсін, атап айтқанда:

8 наурыз – Халықаралық әйелдер күніне орай:

мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алатын кәмелеттік жасқа толмаған төрт және одан да көп балалары бар көп балалы аналарға – 2,4 (екі бүтін оннан төрт) айлық есептік көрсеткіш (бұдан әрі – АЕК) мөлшерінде;

9 мамыр – Женіс күніне орай:

Ұлы Отан соғысының (бұдан әрі – ҰОС) қатысушылары мен мүгедектеріне – 500000 (бес жүз мың) теңге мөлшерінде, сонымен қоса 5 (бес) АЕК мөлшерінде азық-түлік жиынтығы;

женілдектер мен кепілдіктер жағынан ҰОС қатысушыларына теңестірілген тұлғаларға, атап айтқанда:

Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде фашистер мен олардың одақтастары құрған концлагерлердің, геттолардың және басқа да еріксіз ұстau орындарының жасы кәмелетке толмаған бұрынғы тұтқындарына – 10 (он) АЕК мөлшерінде;

Ауганстандағы ұрыс кимылдарына қатысқан Совет Армиясының әскери қызметшілеріне – 50000 (елу мың) теңге мөлшерінде;

1986 – 1987 жылдары Чернобыль атом электростанциясы апатының зардалтарын жоюға қатысқан тұлғаларға – 50000 (елу мың) теңге мөлшерінде;

женілдіктер мен кепілдіктер жағынан ҰОС қатысушыларына теңестірілген басқа да санаттағы тұлғаларға, атап айтқанда:

қайтыс болған ҰОС мүгедектерінің және соларға теңестірілген мүгедектердің әйелдеріне (күйеулеріне), сондай-ақ, жалпы сырқат салдары, еңбек жарақаты және басқа да себеп (заңға қарсысын есептемегендеге) нәтижесінде мүгедек деп танылған қайтыс болған ҰОС қатысушыларының өзге некеге тұрмаған әйелдеріне (күйеулеріне) – 10 (он) АЕК мөлшерінде;

ҰОС жылдарында тылдағы қажырлы еңбегі және мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағының (әрі қарай – КСРО) ордендерімен және медальдерімен марапатталған тұлғаларға – 10 (он) АЕК мөлшерінде;

1941 жылғы 22 маусымнан бастап 1945 жылғы 9 мамырды қоса алғанда кемінде 6 ай жұмыс істеген (әскери қызмет өткерген) және ҰОС жылдарында тылдағы қажырлы еңбегі және мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСРО ордендерімен және медальдерімен марапатталмаған тұлғаларға – 5 (бес) АЕК мөлшерінде;

1 казан – Халықаралық карттар күніне орай:

ең төмен мөлшердегі зейнетақы немесе жәрдемакы алатын зейнеткерлік жасқа жеткен тұлғаларға, атап айтқанда:

жалғыз басты және жалғыз тұратын тұлғаларға – 1,2 (бір бүтін оннан екі) АЕК мөлшерінде;

80 жасқа толған және одан да асқан тұлғаларға – 2,3 (екі бүтін оннан үш) АЕК мөлшерінде;

казан айының екінші жексенбісі – Қазақстан Республикасының Мүгедектер күніне орай:

мүгедектерге, атап айтқанда:

18 жасқа дейінгі мүгедек балаларға – 2,3 (екі бүтін оннан үш) АЕК мөлшерінде;

бірінші топтағы мүгедектерге – 2,3 (екі бүтін оннан үш) АЕК мөлшерінде;

екінші топтағы мүгедектерге – 2,3 (екі бүтін оннан үш) АЕК мөлшерінде.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - Павлодар облысы Май аудандық мәслихатының 05.09.2019 № 2/52 (жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн откен соң қолданысқа енгізіледі шешімімен.

2. Осы шешімнің жүзеге асырылуын бақылау аудандық мәслихаттың әлеуметтік-экономикалық және бюджет жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.

3. Осы шешім алғаш ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн откен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрагасы

*Май аудандық мәслихатының
хатшысы*

"КЕЛІСІЛДІ"

*Павлодар облысы
әкімінің міндеттін атқарушы
2014 жылғы "18" сәуір*

H. Байғалиев

F. Арынов

Д. Тұрганов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК